

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	BR18574057 «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алакөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу»
Жоба өзектілігі	Бағдарлама Шу-Іле ареалы, Тарбағатай және Алакөл қазаншұңқыры аңғарларын қамтитын Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс өңірлері сияқты кең аумақты ежелгі дәуірден этнографиялық кезеңге дейін алғаш рет пәнаралық зерттеу тәрізді кешенді ізденістен тұрады. Нақтырақ айтар болсақ, өңірлердегі маңызды ескерткіштердің уақытнамасы, ежелгі халқытың тамақтану жүйесі, петроглифтердің жаңа кешендері, жинақталған заттық кешеннің мәдени атрибуциясы, сипаттамасы мен типологиясы және т.б. қырлары қарастырылады. Ұсынылып отырған бағдарлама жоғарыда аталған аймақтарды тас дәуірінен кейінгі ортағасырларға дейінгі зерттеулердің бастамасы.
Жоба мақсаты	Шу-Іле ареалы, Тарбағатай және Алакөл қазаншұңқырлары аңғарларын қамтитын Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс өңірлерінің тарихы мен мәдениетін кешенді, пәнаралық (тарихи, археологиялық-этнографиялық, мұражай-ескерткіштану, әлеуметтік-этнологиялық) ғылыми зерттеу.
Жоба міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - Жетісу аумағында тас ғасыры және ерте металл дәуірі ескерткіштерінің эволюция және трансформация ерекшеліктерін анықтау және шаруашылық-мәдени тип ерекшеліктерін зерттеу (археологиялық қазба жүргізіледі); - ескерткіштер хронологиясын анықтау және тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін, өңірдің ежелгі тұрғындарының мәдени тиістілігін және шаруашылық түрлерін жаңғырту мақсатында жаратылыстану-ғылыми зерттеулер кешенін жүргізу (зертханалық жұмыс нәтижелері алынады); - Тарбағатай және Солтүстік-Шығыс Жетісу тау бөктеріндегі ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің археологиялық тірек ескерткіштерін далалық зерттеу, сондай-ақ сабақтастық және трансформация аспектілерінде көрсетілген өңірлер тұрғындарының жерлеу салтының сипаттамасы: географиялық орналасуы, топографиясы және қорымдардың қалыптасу принциптері, қабір шұңқырлары мен қабірішілік құрылымдар, жерлеудегі құрбандық және т.б. (кешенді археологиялық қазбалар); - мал және егін шаруашылығымен байланысты қазақтардың дәстүрлі наным-сенімдерінің генетикалық түп-тамырын анықтау (жазба деректерді

	<p>талдау, этнографиялық экспедиция негізінде мақалалар жарияланады);</p> <p>- маусымдық тұрақтарға көшу уақытын анықтау және көш жолдарын игеру ерекшеліктері, көшпелілер жолындағы аялдамалар мен суаттардың атауын талдау (мерзімдік қоныстар мен көш жолдарына тарихи реконструкциясы жасалады);</p> <p>- қазақ руларының шежіре тарқату дәстүрін зерттеу (экспедициялық материалдар негізінде ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттама әзірленеді);</p>
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<p>Шу-Іле аралы, Тарбағатай және Алакөл ойысының ежелгі және этнографиялық дәуірге дейінгі және бүгінгі тарихы туралы алынған мәліметтер, халықтың өткен тарихын білуде, отансүйгіштік сезімдерін оятуда, үлкен әлеуметтік маңызды әсерін тигізеді. Орындаушылардың ғылыми нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми журналдарда басылып шықты, одан бөлек бір монографияда, бір альбомда және бір оқу құралында көрініс тапты.</p>
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	<p>1.Жуматаев Ринат Серикович, Доктор (PhD), - Индекс Хирша – 2, ResearcherID - T-1620-2017; https://orcid.org/0000-0002-2291-4992; Scopus Author ID -57222067364</p> <p>2.Шакенов Самат Талгатович, Scopus Author ID - 57222073182</p> <p>3.Картаева Таттигул Ерсайыновна, т.ғ.к., Профессор, Индекс Хирша -1; ResearcherID - 012312014; https://orcid.org/0000-0001-6180-4107; Scopus Author ID - 56509526900</p>
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	
Патент туралы ақпарат	-